

Валюта жестілігі

2023 жылғы 03-05 маусым





Өткен қысқа апта ішінде **валюта бағамы** 1 доллар үшін 444 теңгеге дейін нығайды. Теңгенің бұлайша нығаюын ішкі факторлармен, бірінші кезекте жоғары базалық мөлшерлеменің сақталуымен түсіндіруге болады. Базалық мөлшерлемені қазіргі деңгейінде ұстап тұру отандық валютаға және теңгелік инвестиция құралдарына деген сұранысты сақтауға көмектеседі. Бұған халық арасында шетел валютасына деген сұраныстың төмен екендігі дәлел бола алады. Маусымдық факторға қарамастан, мамыр айында валюта айырбастау пункттерінде шетел валютасына деген сұраныс 102.5 млрд теңгені құрады. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңіндегі көрсеткіштен 2 есе төмен.

Ұлттық Қордан жасалатын трансферттерді қамтамасыз ету үшін валюта сату шарасы да теңге бағамын нығайтуға серпін беруде. Шілде айында валютаны 550-600 млн доллар ауқымында сату жоспарланған. Осы айда жұмыс күндері санының қысқартылдығын ескеретін болсақ, күн сайынғы сатылым көлемі арта түсетін болады. Бұл да теңге бағамын нығайта түсері анық.

Сыртқы экономикалық факторлардың әсері біркәнді болған жоқ. Бұл ішкі факторлардың әсері сыртқы факторлардан басым болғанын білдіреді. Доллар индексі апта ішінде 103.4 пунктке дейін өсті. ФРЖ жариялаған «минуткасы» алдағы айларда мөлшерлеменің одан әрі көтерілетіндігін көрсетеді. Мұндай шешім қабылдауға инфляцияның өте баяу төмендеуі және АҚШ еңбек нарығының тым ысынып кеткендігі себеп болды. Алайда жұма күні жұмыспен қамту нарығы бойынша жарияланған есеп сағаттық жалақының 0.4%-ға (болжам 0.3%) өскендігін көрсетеді.

Мұнай бағасы бір баррель үшін 76.5 доллар деңгейінде сақталды. Ал апта соңында бір баррель үшін 78.5 долларға көтерілді. Аптаның басында мұнай бағасы негізінен Сауд Арабиясы тарапынан мұнай өндіру тәулігіне 1 млн

баррельге қысқартылатындығы туралы жаңалықтың есебінен өсті. «ФРЖ базалық мөлшерлемені көтеруі мүмкін» деген қауіпке қарамастан, өндіруді қысқарту туралы жаңалық мұнай бағасының өсуіне негіз болды. Жалпы Қытай экономикасының қалпына келуіне қатысты жағымсыз жаңалықтар аясында мұнай нарығында тұрақсыздық сақталуда. Бұған дейін Қытай Халық Банкі тұтынушылық сұранысты қалпына келтіру үшін кредит бойынша біржылдық базалық мөлшерлемені 3.55%-ға дейін, ал бесжылдық мөлшерлемені 4.20%-ға дейін төмендету туралы шешім қабылдаған еді. Алайда енді тұтыну бағасының индексі мен өндірушілердің бағалар индексі төмендейді деп болжануда.

Рубль бағамы барған сайын әлсіреп жатыр. Апта соңында ресейлік валютаның бағамы бір доллар үшін 91.25 рубльге дейін әлсіреді. Негізгі фактор – бюджетке қатысты жағдай. Бюджет тапшылығы жағдайында үкімет өз валютасын құнсыздандырып, резерв жинақтауда және экспортталатын тауарларға сұраныстың артатындығын күтуде. Тағы бір фактор – Ресейден капиталдың жылыстауы. Ресейдегі ішкі саяси дағдарыс жергілікті азаматтар арасында да, әлі Ресей нарығынан кетпеген шетелдік инвесторлар арасында да күмән тудыруда. Мұндай жағдайда ең қолайлысы Ресейден бүкіл капиталды қауіпсіз аймаққа шығару болып тұр.

Түптеп келгенде біз жоғарыда келтірілген ішкі факторлардың әсерінен теңгенің әрі қарай нығаятындығын күтеміз. Алайда айдың соңына қарай нарыққа қатысушылардың артық үмітшілдігінің буы басылған соң, теңге бағамы тағы да түзетіледі деп ойлаймыз. Теңгеге еңбек демалысы маусымы кезінде шетел валютасына деген сұранысты өсетіндігі секілді маусымдық фактор және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің ақшалай түсімдерінің міндетті түрде теңгеге айырбасталатын бөлігінің қысқаруы әсер ететін болады. Біздің жаңартылған болжамдарымыз бойынша шілдеде теңге бағамы бір доллар үшін 450-466 теңге ауқымында болады.

Іргелі факторлар бойынша ақпар

фактордың атауы	2023.05.07 баға белгіленімі	% Δ		теңгеге ықпал ету*	фактордың атауы	2023.05.07 қарасты мән	қайта қарау күні	қайта қарау бағыты	
		апта	ай						
Brent бағасы	76.7	3.5%	-0.1%	▼	ОБ нақты мөлшерлемесі**	ҚРҰБ	2.75%	2022.29.05	▼
Доллар индексі	103.4	0.5%	-0.6%	▲		АҚШ ФРЖ	2.05%	2023.14.06	▲
USDRUB	91.0	5.4%	12.4%	▼		ЕОБ	-1.40%	2023.15.06	▲
CDS спреді (USD/KZT)	806.4	+10.5 п.п.	-24.8 п.п.	▲		РФ ОБ	1.00%	2023.28.04	▲

*Jusan Analytics бағалауы өзгерісінің теңге серпініне ықпалы : ▲ әлсіреу, ▼ нығаяу

** пайыздың атаулы мөлшерлемесі мен инфляция деңгейінің 12 айдан кейінгі айырмашылығы (монетарлық реттеушілердің болжамы)

Теңгенің шетел валюталарына қатысты бағамы

валюта жұбы	2023.05.07 қарасты бағам	% Δ			12 ай ішінде min	12 ай ішінде max
		апта	ай	жыл басынан бері		
USD KZT	443.8	-1.4%	-1.1%	-4.1%	431.08	484.18
EUR KZT	483.5	-1.9%	0.8%	-1.9%	452.1	505.77
RUB KZT	4.9	-7.5%	-11.2%	-23.8%	4.9	8.77
CNY KZT	61.3	-1.8%	-2.8%	-8.2%	61.28	71.91



Jusan Analytics индекстері мен есептеулері

индекстің атауы	2023.05.07 қарасты мән	% Δ			серпін (соңғы 12 айдағы көрініс)
		апта	ай	жыл басынан бері	
ТЕҢГЕ индексі	92.9	3.1%	3.7%	11.0%	
Теңгенің құбылмалылығы*	0.3%	0.5%	1.0%	2.9%	
Экспорттық бағалар индексі	138.0	1.33%	0.19%	-12.2%	

* Өзгеру бағаналары құбылмалылық жолағы үшін тиісті кезеңдегі (соңғы 12 ай) орташаны белгілеу үшін қолданылады. Жыл басынан бері бағанында соңғы 12 айдағы орташа жылдық құбылмалылық көрсетіледі.


Jusan Analytics болжамдары

болжам жасалған күн	валюта жұбы	болжам көкжиегі			деректің болжамға сәйкес келуі*	түсініктемелер
		апта	ай	жылдың соңы		
2023.01.07	USDKZT	449.3	450.0	456.3	✓	Жоғары базалық мөлшерлемені сақтаудың әсері
2023.05.07		442.8			×	

* сәйкес келеді, × сәйкес келмейді

Jusan Analytics командасының есебіне сәйкес теңгенің долларға қатысты бағамы бойынша болжам

Екінші тоқсанның басталуына байланысты біз бағам бойынша болжамдарымызды қайта қарадық. Бұған негізгі көрсеткіштер: инфляция бойынша болжам (жақсару), мұнай бағасы бойынша болжам (жақсару), ФРЖ (bloomberg болжамдарының консенсусы) және ҚРҰБ базалық мөлшерлемелерінің серпіні бойынша болжамдар себеп болды. Ұсыныстың азаятындығын және нарыққа қатысушылардың пессимистік көзқарастан арыла бастауын ескере отырып, біз мұнай бағасының өсімін оптимистік сценарийде де, пессимистік сценарийде де күтеміз. Сондай-ақ біз бағалар өсімінің жылдық тұрғыда өткен жылдың қорытындысы бойынша 12.4-14.3% деңгейіне дейін түсетіндігін күтеміз. Мұндай төмен көрсеткішке жоғары базалық көрсеткіштер мен халықтың төмен инфляциялық болжамдарының кейінге қалдырылған әсері арқасында қол жеткізіледі. Жанар-жағар май және тұрғын үй-коммуналдық қызмет бойынша талай уақыт шектелуден пайда болған бағалық теңгерімсіздіктің босатылуы инфляцияның төмендеуіне ықпал етеді.



Автор: Сұңғат Рысбек

Жауапкершілікті шектеу:

Jusan Analytics - «Jusan Bank» АҚ аналитикалық құрылымдық бөлімшесі.

Бұл тек ақпараттық сипатқа ие жұмыс. Сонымен қатар бұл Jusan Analytics тарапынан қандай да бір ұсынысқа немесе есеп-қисап, іскерлік, қаржылық, инвестициялық, заңдық, салықтық немесе басқа да кәсіби консультациялар беру не болмаса қызмет көрсетуді ұсыну бойынша ұмтылысқа жатпайды. Материал біз сенімді деп санаған, шынайы әрі ашық ақпарат көздерінен алынған мәліметтерге негізделген. Алайда біз келтірілген мәліметтерді мінсіз деп айта алмаймыз.

Оқырмандар дербес қаржылық шешім қабылдау үшін осы жұмыстағы мәліметтерді пайдаланғандары үшін біз жауапты емеспіз. «Jusan Bank» АҚ Jusan Analytics тұлғасында жарияланымдағы ақпараттарды тұрақты түрде жаңартып тұруға немесе ондағы ықтимал дәлсіздіктерді түзетуге міндетті емес. Осы ретте аталмыш жұмыстың құрамындағы мәліметтер толық, түпкілікті болып саналмайды және алдын ала ескертусіз кез келген уақытта өзгертілуі мүмкін.

Бұл жұмыстағы жарияланған ақпарат жеке пайдалануға қолжетімді, бірақ коммерциялық тұрғыда таратуға арналмаған және Jusan Analytics-тің алдын ала жазбаша рұқсатынсыз оны толығымен немесе ішінара қайта жаңғыртуға, жолдауға және жариялауға болмайды.

Материалды пайдалану мәселесі бойынша Jusan Analytics-ке жүгініңіз:

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
А25D5F7, әл-Фараби даңғылы, 36, В блогы, 6 қабат.
analytics@jusan.kz